



11-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Руссо және жалпы ерік





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Руссо және жалпы ерік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Руссоның ізімен

Джонатан Волфтың пікірінше, Руссоның «қоғамдық келісінде» ол саяси шешімдерді қабылдау процесіне әр жеке адамның қатысуына ерекше назар аударады. Қоғамдық келісім негізінде ортақ ерік жатыр. Мінеки, осы ортақ ерікпен бағыттталатын билікті ол егемендік деп атаған. Сөйтіп, Руссоның негізгі мәселелеріне назар аударып, енді оларды талқылап көрейік.

ЖАН-ЖАК РУССО (1712–1778) үшін саяси құрылым мәселесі дегеніміз, бұл - «адамдар мен игіліктерді толыққанды қорғайтын, олардың бәрін біріктіретін, бірақ әрқайсысы бұрынғыдай еркін әрі өз билігі өзінде ғана болатын қауымдастық түрін табу». (Қоғамдық келісім). I, ch. 6, 49–50). Руссоның бұл мәселені шеше алатынына қатысты ойы - тамаша-ақ. Кез-келген саяси жүйе «әрбір серіктесіне тек өзіне ғана бағынуға» қалай ғана ерік береді? Ендігі кезекте Руссоға жүгініп, оның инструменталды негіздерге (ортақ игіліктерге қол жеткізу жолы) және өзіндік құндылыққа (еркіндік пен теңдік көрінісі) сүйеніп, демократияны қалай қорғайтынын қарастыратын кез жетті.

Егер балалар теңдік жағдайында тәрбиеленсе, егер олар мемлекеттің заңдары мен жалпыға ортақ ерік принциптерін саналарына сіңіретін болса, егер олар жоғарыда аталғандарды басқа нәрселермен қатар құрметтеуді үйренсе, егер оларды әрқашан өздерін тамақтандыратын, өзінің махаббатын төгетін, қымбат заттарды сыйлайтын қамқоршы ананы еске салатын мысалдар мен заттармен қоршаса, және осы айтылғандар үшін оларға өздерінің борыштарын өтеу керектігін үнемі естеріне салып отырса, онда олардың біріне-бірі бауыр ретінде қарайтынына, қоғамның қалауынан басқа ешнәрсені қаламайтынына, софистердің түкке тұрғысыз бос сөздерін адамдар мен азаматтардың шынайы іс-әрекеттерімен толтырып, және бір күні өздері осы уақытқа дейін өсіріп келген отанның қорғаушылары мен әкелері болып шығатынына ешқашан күмән келтірмеуіміз керек. Руссо, Саяси экономия бойынша дискурс([1755], Кембридж: Cambridge University Press, 1997), 21-2

Өзіміз көргеніміздей, Платон басқару арнайы даярлықты немесе білімді талап етеді деп айтқан болатын. Руссо бұған күмән келтірмейді, бірақ “оқытудың мұндай түрі азғантай топқа тиесілі болуы керек” – деген тұжырымды теріске шығарады. Егер әркім тиісті дағдыларды меңгеріп, содан соң «Егеменнің» (Руссо бұл терминді өздеріне өздері билік жүргізетін және ұжым болып бірлесіп қызмет ететін азаматтың қауымдастығын анықтау мақсатында қолданады) бөлігі ретінде белсенді демократиялық рөлге ие болса, әлдеқайда жақсы болар еді. Сондықтан, демократиялық мемлекет азаматтардың білім алуына үлкен мән беруі тиіс.

Осылайша, Руссоның азаматтары «қоғамның еркіне қарсы келмейтіндей» етіп оқытылуы тиіс. Бұл мемлекеттің саулығы мен аман сақталуы үшін аса маңызды. Руссо үшін азаматтық дегеніміз - белсенді мемлекеттік қызметті білдіреді: «Мемлекеттік қызмет азаматтардың басты мәселесі болудан қалса және олар өзінің жеке тұлғасымен емес, өзінің әмиянына қызмет етуді қаласа, осы сәттен бастап мемлекет құрдымға кете бастайды» (Қоғамдық шарт [1762]. III, ch. 15, 113). Руссо өзінің азаматтарынан мемлекеттік қызметпен қатар, саяси шешімдерді қабылдауға белсенді қатысуды талап етеді. Тікелей демократия формасы арқылы барлық азаматтар заңнаманың жасалып, қалыптасуына тікелей қатыса алады. Алайда бұл мәлімдемеге белгілі бір дәрежеде сақтықпен қарау керек, себебі мұнда Руссоның демократияға қарсы айтқан пікірлері де бар.

Бұл сөзді қатаң түрде айтсақ, Ынайы демократия ешқашан болмаған, болуы да мүмкін емес. Бұл көпшілік басқарып, азшылық бағынатын табиғи тәртіпке қайшы келеді. Халықтың мемлекеттік істерге араласуы үшін үнемі жиналатынын елестету қиын және басқару формасын өзгертпейінше, оның комиссия құруы мүмкін емес екені анық. (Қоғамдық келісім [1762], bk. III, ch. 4, 91)

Осылайша, Руссо «Егер Құдайлардан тұратын халық болса, онда олар өздерін демократиялық жолмен басқарар еді.» Мұндай кемел үкімет адамдарға лайық емес» деген қорытындыға келеді (Қоғамдық келісім-шарт) bk. III, ch. 4, 92).

Жалпыға ортақ ерік

Руссоның ұстанымын қалай түсінуіміз керек? Біз жалпыға ортақ ерік деген күрделі тұжырымнан бастауымыз қажет. Біріншіден, Руссо, әрбір индивидтің жеке еркінің нәтижесінде пайда болатын баршаның еркін жалпыға ортақ еріктен бөліп қарайды. Жоғарыда өзіміз қарастырған мүдде үшін дауыс беру мен адамның өзі дұрыс деп есептеген нәрсеге дауыс беруі арасындағы ерекшелікті еске түсірейік. Өз мүддесі үшін дауыс беру - ең алдымен өзінің жеке еркін жүзеге асыру деген сөз. Ал өзіңіз моральды тұрғыдан дұрыс деп есептейтін нәтиже үшін немесе ортақ игілік үшін дауыс беру, бұл - Руссоның пікірінше,



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Руссо және жалпы ерік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

адамның жалпыға ортақ ерік идеясына сай дауыс беру болып табылады.

Сонымен жалпыға ортақ ерік дегеніміз не? Осыған қатысты бір көрнекті мысалды қарастырайық: компанияда 1000 қызметкер бар және олардың жалақысын өсіру үшін 1 млн фунт стерлинг бөлінген. Бұл жерде әр жеке тұлға осы ақшадан барынша көп алуға мүдделі, сондықтан бұл жердегі шекке қатысты әрбір адам қосымша бір миллион фунт стерлингті алуды қалайды деп айта аламыз. Осы жекеленген еріктерді қосқанда баршаның еркі, яғни 1000 миллион фунт стерлингке деген сұраныс белгілі болады, бірақ, әрине, компания мұндай сома ұсынған жоқ. Алайда қызметкерлер атынан өзінің барлық мүшесінің мүддесін бірдей қорғайтын кәсіподақ ұйымы өтініш берді деп ойлап көрелік. Кәсіподақтың қолынан бір миллион фунтқа өтініш беріп, ол соманы өз мүшелерінің арасында мың фунттан теңдей бөліп, үлестіруден басқа ештеңе келмейді. Мұның нәтижесі жалпыға ортақ ерікті: мүшелердің барлығының мүдделеріне бірдей жауап беретін саясатты көрсетеді. Бұл ортақ мүдде болғанымен, бір ғана адамның жеке мүддесі емес. Осылайша, біз барлық азаматтардың жекелеген еріктері мен жалпыға ортақ еріктің арасындағы айырмашылықты көрдік. Жалпыға ортақ ерік әр жеке тұлғаның мүддесіне тең дәрежеде жауап беретін саясатты талап етеді. Осылайша, біз жалпыға ортақ ерікті жалпыға ортақ мүдде ретінде де қарастырсақ болады.

Руссо, сонымен қатар жалпыға ортақ ерік «өзінің объектісі мен мәні бойынша» да жалпыға ортақ болуы тиіс деп есептейді (Қоғамдық келісім-шарт). bk. II, ch. 4, 62). Яғни, ол барлық азаматтарға тең дәрежеде қолданылуы тиіс. Осылайша, Руссоның пікірінше, Жалпыға ортақ ерік шын мәнінде белгілі бір адамдарға немесе топтарға қатысты атқарушы жарлықтарды емес, барлық азаматтарға қатысты заңдарды қабылдауы қажет. Адамдарды басшылар (билеушілер) емес, заңдар басқаруы тиіс. Руссо үшін мұның мәні жалпыға ортақ еріктің жалпыға ортақ мүддені білдіруі керектігінде. Руссоның ойынша, мұндай жағдайда, ешкімнің де деспоттық және қажетсіз заңдар үшін дауыс беруге негізі болмайды, себебі бұл заңдар барлық азаматтардың өміріне бірдей ықпал етеді. Халық та Егемен (Мемлекет) сияқты жалпыға ортақ ерікті білдіретін заңдарды қабылдайды.

Сонда, заңдарды қалай қолдану керек? Ақыр соңында, олар топтарды немесе тіпті жеке тұлғаларды бөліп көрсететін іс-қимылдарды жиі талап етеді. Оның ең жарқын мысалы ретінде заңды жазалауды келтіруге болады. Бұған Руссо заңдарды қолдану Егеменнің (мемлекеттің) емес, атқарушы билік немесе үкіметтің ісі деп жауап береді. Атқарушы билік күнделікті басқаруды ұйымдастырады, және Руссоның пікірінше, бұл міндетті жалпыға бірдей белсенді қатысу тұрғысынан демократиялық жолмен ұйымдастыру ақылға қонымсыз болар еді. Біз ойлағандай демократияның мүлде басқа түрі, яғни «таңдаулы демократия» шамасы, Руссо үшін қолайлы (құрылыс) құрал, онда «ең данышпан топтың, өз мүддесі үшін емес, жалпы игілік үшін билік ететіні анық болса, онда ол көпшілікті басқарады» (Қоғамдық келісім-шарт) III, ch. 5, 93).

Заңдар қалай қабылданады?

Руссоның жүйесі Платонның жүйесінен ерекшеленетініне назар аударыңыз. Руссо өзінің жүйесін көпшілікті ең данышпан адамдар басқарады деп сипаттағанымен, ондағы үкімет немесе әкімшілік рөлінің шектеулі екенін есте сақтау керек. Үкімет (мемлекет) заңдарды қабылдамайды, тек оларды тиісті жерлерде қолданады немесе басқарады. Бұл бос сөз болып көрінгенімен, шынында олай емес: мысалы, мемлекеттің соғыс жариялауға құқығы бар. Бұл ерекше акт - ол нақты объектіні атайды, сондықтан халық егемен (мемлекет) сияқты осы мәселе бойынша заңдар қабылдай алмайды. Олардың қолдарынан келетіні - соғысты жариялауға болатын жалпы шарттарды белгілеу ғана. Осыдан кейін үкімет шарттардың орындалатынын немесе орындалмайтынын шешіп, тиісті шаралар атқаруы тиіс. Осылайша, Платонның патша-философтары мен Руссоның таңдаулы ақсүйектері арасындағы негізгі контраст, ол - Руссоның билеушілерінің заң шығару құзыретінің жоқтығында.

Сонда, заңдар қалай жасалады (қабылданады)? Руссо «Мемлекет (егемен) халық жиналған кезде ғана әрекет ете алады» деп айтады (Қоғамдық келісім). III, ch. 12, 110). Осылайша, оның жүйесі қазіргі таңдағы демократиялардан ерекшеленеді. Өйткені заңдар Парламентте емес, халық жиналыстарында қабылданады. Мұндай жиналыстарда жалпыға ортақ ерік белгілі болады:

Халық жиналысында қандай да бір заң ұсынған кезде, халықтан оны мақұлдайтыны немесе бас тартатыны жайлы ешкім сұрамайды, керісінше оларға тиесілі жалпыға ортақ мүддеге сай ма, жоқ па деген мәселені сұрайды: әркім дауыс беру арқылы бұл жөнінде өз пікірін айтады және дауыстарды санау баршаға ортақ ерікті жариялайды. Сондықтан, менің көзқарасыма қарсы пікір басым болса, бұл менің



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Руссо және жалпы ерік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

кателескенімді ғана көрсетеді және баршаға ортақ ерікті дұрыс анықтай алмағанымды білдірмейді. (Қоғамдық келісім, [1762], bk. IV, ch. 2, 124)

Әрине, Руссо ұсынысына қатысты бірқатар қарсылық туындайды. Біз барлық адамдарды бір жерге жинау мүмкін екеніне күмәнмен қарай аламыз. Бірақ бұл қиындықтарды қарастырмас бұрын, бірінші кезекте неліктен Руссоның ұстанымын қарастыра бастадық деген мәселеге оралайық. Өйткені Кондорсе МАРКИЗ ДЕ КОНДОРСЕ (1743–1794) кей жағдайларда дауыс берудің ақиқатты анықтау үшін таптырмас құрал болатынын көрсетті. Егер біз орта есеппен алғанда адамдардың дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігі жоғары деп топшыласақ, онда көпшіліктің шешімі, әсіресе, электорат аса ауқымды болған жағдайда көбіне дұрыс жауап алуға мүмкіндік береді. Бірақ осы тәсілді қолдану үшін қажетті шарттарды тағы бір атап өту үшін, біз адамдардың өздеріне қолайлы болатын нәтиже үшін емес, өздері дұрыс деп шешкен идеяларына сүйенетініне және адамдардың дұрыс жол таңдайтынына қатысты мүмкіндіктің орташа есеппен де жоғарырақ болатынына көз жеткізуге тиіспіз. Біз Руссоны осы жағдайлардың маңызын ішкі түйсігі арқылы түсінген және оларға жауап беретін жүйені анықтаған адам ретінде таныстырдық (көрсеттік). Енді біз бұл жүйе шынымен де осыған жауап бере ме деген мәселені қарастыруымыз қажет.

Біріншіден, егер адамдар жалпыға ортақ мүддеге қатысты өз көзқарастарына сүйене отырып, дауыс берсе, олар міндетті түрде дұрыс жол таңдайды деген ұйғарым шындыққа қаншалықты жақын? Бұған берілетін жауаптың бір бөлігі ретінде Руссоның да, Платонның да білім беруді маңызды орынға қойғанына қатысты алғашқы бақылауымыз ұсынылуы тиіс. Адамдарға азаматтыққа қатысты білім беру керек. Бірақ сонымен қатар, Руссоның саяси қоғамды жалпыға ортақ ерікті қабылдау қиын болмайтындай, кем дегенде біреудің көзқарасына белгілі бір мүдделер кедергі жасамайтындай етіп ұйымдастырғысы келгенін де түсіну маңызды. Ортақ ерік барлық адам үшін бірдей болмақ және қабылданатын заңдар олардың барлығына бірдей ықпал етеді.

Бірақ бұл қалай болуы мүмкін? Олардың кейбіреуі - бай; ал кейбіреуі - кедей. Біреулері - жұмыс берушілер, басқалары-жалдамалы қызметкерлер. Заңның әрбір адамға бірдей ықпал етуі қалай жүзеге асырылуы тиіс? Таптық айырмашылықтары, әрине, әртүрлі, тіпті қарама-қарсы мүдделерге әкеледі. Заңның ешкімді бөліп-жармауы оның барлық азаматтарға бірдей қатынас танытатынын көрсетпейді. Бұл скептицизмнің екі бағытын туындатады. Біріншіден, неліктен біз жалпыға ортақ ерік әрбір адамға бірдей қатынас таныту қажет деп ойлауымыз тиіс? Екіншіден, ол бар болса да, оның не екенін анықтау оңайға соқпайды.

Руссо бұл қиындықтарды болжап, оларға батыл шешім ұсынады. Оның айтуынша, егер оның жүйесі жүзеге асырылса, онда аса үлкен теңсіздіктер болмауы тиіс. «Байлыққа келетін болсақ, бірде-бір азамат екінші бір азаматты сатып алатындай деңгейде бай болмауы тиіс және өзін өзі сатуға мәжбүр болатындай кедейлер болмауы тиіс» (Қоғамдық шарт). II, ch. 11, 78). Егер таптық ерекшеліктер жалпыға ортақ еріктің қалыптасуын мүмкіндігін теріске шығарса, онда таптар жойылуы қажет. Барлығы тең дәрежеде болуы тиіс. Кем дегенде, ешкім де бөтен адамдардың дауыстарын сатып алатындай бай болмауы тиіс, немесе өз даусын сатуға дайын болатындай кедей болмауы тиіс. Руссо мұндай тепе-теңдікке қалай қол жеткізу және оны сақтау қажет екендігіне егжей-тегжейлі тоқтамайды, бірақ демократия тұрғысынан қарағанда тапсыз қоғамның үлкен артықшылықтары бар екені анық. Осындай жағдайда, заңдар әрбір азаматтың өміріне бірдей ықпал ету мүмкіндігі жоғарылайды және ең тиімді заңды іздестіру қиындықтары азая түседі. Руссо, әрине, адал әрекет ететін кейбір адамдардың өздері де қателік жасауын мойындайды, алайда «артықшылықтары мен кемшіліктері ... бір-бірінің алдын алады, ал ерекшеліктердің нәтижесі ретінде баршаға ортақ ерік шығады» (Қоғамдық келісім, Б), II, ch. 3, 60).

Біз бұл насихатқа ұқсайтын бір зұлым идея деп ойлауымыз мүмкін. Руссоның жеке бас бостандықты қорғауға деген ұмтылысына қарамастан, кейбір сыншылар оның ойларында фашистік немесе тоталитарлық аспектілердің (реңдерді) байқалатынын айтады. Адамдар мемлекет мүддесін өз мүдделерінен жоғары қою үшін ол белгілі бір жолмен тәрбиеленуі (білім алуы) тиіс. Бұл сынға жауап ретінде екі нәрсені айтуға болады. Біріншіден, Руссо заңдарды қабылдамас бұрын, халықты біріктіретін әдеттер мен дәстүрлер бар болуы керек деп пайымдайды. Сол себептен, түрлі топтардан тұратын халыққа жасанды жүйені таңғаннан гөрі (мәжбүрлегеннен) білім беру қоғамдағы бар байланыстарды жүйелеу және нығайту тәсілі болып табылады. Екіншіден, Руссо, өзі қорғаған бірқатар шаралардың қазіргі таңдағы либералдардың талғамына сай келмейтіндігін естісе де оған аса алаңдаушылық таныта қоймас еді. Ол оның әлеуметтік (қоғамдық) бірлікті қамтамасыз ету үшін екі тәсілінде анық көрінеді: олар: «цензура» және «азаматтық дін».

Руссо мемлекетке «ресми Цензор» қажет деп санайды, оның міндеті адамдарды халықтық моральға сәйкес әрекет етуге жұмылдыру. Руссо цензураны қазіргі таңдағы сөз және бейнелеу еркіндігін басу



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Руссо және жалпы ерік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

деген мағынасында талқыламайды, дегенмен бұның да цензураның міндетіне кіретіні күмәнсіз. Руссоны мінез-құлықты мәжбүрлеу және залалсыздандыру мәселесі әлдеқайда көбірек мазалайды. Шын мәнінде, цензураның міндеті ол қоғамға қарсы мінез-құлықтың белгілі бір формаларына келемеждеу және осылайша кедергі келтіру.

Әлеуметтік бірлікті қамтамасыз етудің соңғы құралы (тәсілі, жолы) ретінде Руссо әрбір мемлекет «азаматтық дін» арқылы реттеліп отыруы тиіс деп есептейді. Қысқаша айтқанда, Руссоның дін туралы ұстанымының үш бөлігі бар. Біріншіден, ол әрбір азаматтың белгілі бір дінді ұстануын талап етеді, себебі бұл «оны өз борышын сүйеге мәжбүрлейді». Екіншіден, діндердің алуандылығына төзімділікпен қарау керек, алайда бұл тек шыдамдылық принципін қамтитын діндер ғана болуы тиіс. Өйтпесе (олай болмаса), кейбір азаматтар бір-біріне жауға айналуға мәжбүр болады, бұл әлеуметтік әлем идеясына қайшы келеді. Соңғысы, және ең анығы, әрбір адам, жеке моральдан басқа азаматтық дінді ұстануы тиіс. Оның белгілі бір ережелері болуы тиіс, олар «Діннің догмалары болмаса да, ашық қарым-қатынастардың элементтері болуы тиіс, онсыз жақсы азамат немесе адал азамат болуы мүмкін емес» (Қоғамдық келісім-шарт). IV, ch. 8, 150). Осылайша, егер Руссо жүйесі шынайы өмірде бар болған жағдайда, ол Кондорсет ұсынған аргументті қолдану үшін қойылған екі шартты қанағаттандыруға жақсы мүмкіндік болар еді. Бұл шарттар - адамдар өздерінің жеке мүдделеріне емес, моральдық негізде жауап беру және орта есеппен, моральдық тұрғыдан оң жауап алу мүмкіндігінің жоғары болуы. Руссоның идеалды мемлекетінде осы шарттардың орындалуына қолайлы жағдай жасалған. Әрине, Руссоның ұсыныстарын орындау аталған шарттардың қанағаттануының бірден бір жолы дегенді білдірмейді: мүмкін біз балама жүйені ойлап таба аламыз. Бірақ Руссоға көңіл бөлейік.

Тіпті егер біз оның жүйесі Кондорс талаптарына жауап беретінін мойындайтын болсақ та, ол біздің қабылдауымыз қажет пе?

Еркіндік және теңдік

Алдыңғы талқылауды еске ала отырып, біз шын мәнінде Платонға екі жауап айтқан болатынбыз. Олардың бірі демократия, негізінде, «дұрыс нәтижеге» қол жеткізудің тәсілі болып табылады, ол кем дегенде, сарапшылардың билеуіне қарағанда жақсы немесе әлдеқайда жақсырақ. Біз оны негіздеменің бұл инструменталды түрі деп атадық және ол біз жоғарыда қарастырған Руссоның аргументіне сәйкес келеді. Екінші жауап демократияның ішкі құндылығын қарастыру болды. Шын мәнінде, біз бұны демократия қаншалықты еркіндік және теңдік сияқты құндылықта білдіре және дамыта алады деген сұрақ ретінде қарастыра аламыз. Бұл мәселені одан ары қарай талқылау бізге Руссоның жүйесін іс жүзінде қолданғымыз деген мәселені шешуге көмектеседі.

Біріншіден, Руссо саясатындағы теңдік идеясы қаншалықты айқын көрінеді? Теңдіктің пікірталасқа түсуінің бір жолы ол - байлықтың қатаң теңдігі болмаса фракциялар пайда бола береді. Бұл сайлаушылардың пікірлерін шатастырып қана қоймай, барлық сайлаушылардың мүдделеріне бірдей жауап беретін саясат-ортақ еріктің қалыптасуына кедергі тудырады. Өйткені бай адамдар өздеріне жеке пайда әкелетін заңдардың жиынтығын іздейді және олардың заттарды пайдасына шешу үшін ақшалары мен ықпалдары болар еді. Сонымен, біз атап өткендей, Руссо шынайы демократия тапсыз қоғам болады деп пайымдайды.

Алайда, Жалпыға ортақ ерік идеясының өзі нағыз эгалитарлық идея. Дұрыс саясат – бұл барлық азаматтарға бірдей тиімді саясат. Сондықтан, теңдікті толық қамтамасыз ететін жүйені ойлап табу қиын болады, әсіресе, бұл барлық азаматтар жалпыға ортақ ерікті анықтауда те дауыс беру арқылы анықтауы тиіс демократиялық принципті жүзеге асырғанда қиындыққа ұшырайды.

Алайда, Руссоның жүйесіндегі теңдіктің көрінуі ол біршама алдамшы. Руссо азаматтарға қатысты ой қозғағанда әрқашан ерлер түрін қолданады (еркектерді меңзейді). Бұл тілдегі кездейсоқтық емес. Руссо әйел адамдарды - бағынышты адамдар деп санады, және ол, шамасы, азаматтық мәртебені тек ер адамдарға қатысты қолданылуы тиіс деп ойлады. Руссоның ұсынысы теңдік доктринасын бірқатар бұрмалайды, себебі, әрине ер азаматтар мен әйел азаматтар арасында теңсіздіктер болады.

Руссоның жүйесіндегі бұл сәйкессіздік әйелдер құқықтарының бас қорғаушысы Мэри Уолстонкрафттың 1792 жылы жарияланған «Әйелдердің құқықтарын қорғау» кітабы, 1792 ж. кітабында қарастырылды. Уолстонкрафт азаматтар арасынан әйелдерді шығаруға ешқандай негіз жоқ деп мәлімдеді, ол өз уақытында айтылған таң қаларлық және радикалды көзқарас болған еді. Алайда, тіпті оның да әлсіз де болса салдары қалды. Эмансипацияланған азаматта үй қызметкері бар деп саналады, және мұндай қызметкер дауысқа ие болуы керек деген ойды Уолстонкрафт елемеді. Соңғы уақытқа дейін елде меншік үлесі бар адамдардың



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Руссо және жалпы ерік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

ғана дауыс құқығы бар деп саналды. Жеке меншігі жоқ адамдарға өз дауыстарын «жауапты» пайдалану мүмкіндігі берілмеді.

Дегенмен, Уолстонкрафт, Руссо және ежелгі гректер де қозғаушы мотивация - әлдеқайда дүниелік (болмыстық) ойлар болған, ол азаматтар ретінде белсенді адамдар өз киімін жууға немесе тамақ дайындауға уақыт жоқ деп ойлау. Егер адамдар қоғамдық істер бойынша барынша көп мәлімет алғысы және түрлі қоғамдық жиналыстарға қатысқысы келсе, онда белсенді азамат ретінде міндетті атқару ол көп уақыт алады. Қоғамдық өмірмен айналысатын кез келген адам үйде қосалқы қызметкерлерді қажет етеді. Ежелгі гректер демократия құлдық жүйемен, Руссо - жыныстық теңсіздікпен, ал Уолстонкрафт-кедейлердің дауыс беру құқықтарының болмауымен үйлесімді деп ойлады. Жалпыға ортақ сайлау құқығына қол жеткізуге екі нәрсе себін тигізді. Олардың бірі (біршама ауыр) дауыс беру құқығы саяси және экономикалық мәселелер туралы жақсы хабардар болу үлкен жауапкершілікке әкеп соқпайды; екіншісі - кем дегенде дамыған елдерде тұрмыстық техника үй жұмысының ауыртпалығын едәуір жеңілдетеді Мүмкін, кір жуғыш машина демократияның орнауына себін тигізді деп айту артық болар,бірақ, дегенмен, ол сөзсіз көмектесті.

Алайда, Руссо әйелдерді сайлау құқығынан алып тастағанына қарамастан, оның саяси ойының шынайы логикасы бұл үшін маңызды себептердің болмағандығын білдіреді. Осылайша, біз Руссо ұсыныстары негізінде шынайы теңдік моделін жасай аламыз.

Сонда теңдікке көп маңызды орын берілді, ал еркіндік қалай болмақ? Руссоның таңдаған саясатындағы еркіндіктің маңызды шектеулерін анықтау қиын емес. Басты шектеу - бұл әлеуметтік байланысты құрудағы медальдің екінші жағы. Ой еркіндігі, әсіресе дін саласындағы ой еркіндігі қатаң шектелген. Біріншіден, атеизмге тыйым салынады. Екіншіден, төзімсіз діндерге жол берілмейді. Үшіншіден, барлығы азаматтық дінді ұстануы тиіс. Екіжүзді адамның арына: «Егер кімде кім [азаматтық діннің] осы догмаларын ашық мойындаса, содан кейін ол оларға сенбейтіндей мінез құлық танытса, онда оған өлім жазасы қолданылуы тиіс, себебі ол заң алдында өтірік айтып, ең ауыр қылмыс жасады» (Қоғамдық келісім-шарт). IV, ch. 8, 150).

Руссоның жағдайында, осындай өмірге, яғни Рационалды өмірге – тек азаматтық қоғамда ғана қол жеткізуге болады. Қарапайым тәбеттің оянуы – құлдық, ал қабылданған заңға бағыну – еркіндік. (Қоғамдық келісім-шарт). IV, ch. 8, 54). Әрине, біз заңдарды өзімізге Егеменнің мүшесі ретінде дауыс беру арқылы өзіміз қабылдаймыз (жазамыз). Тек осы мемлекет қалыптастырған (қабылдаған) заңдарға сай - жалпыға ортақ ерікке сай әрекет ету арқылы ғана, Руссоның пікірінше, біз еркін бола аламыз.

Сыншылар осы көзқарас бойынша адам «еркін болуға мәжбүрлеуге» болатынын көрсетті; шын мәнінде, бұл Руссо өзі қолданған фраза еді. Біреу жалпыға ортақ ерік бір саясатты (Саясат А) талап етеді деп есептейтін, ал басым көпшілік басқа саясатты (Саясат Б) қабылдайтын жағдайды қарастырып көрейік. Мысалы, В саясаты ортақ ерікті білдіреді деп ойлайық. Бұл жағдайда біздің жеке тұлға В саясатына сәйкес әрекет етуге мәжбүр болады, ал еркіндік жалпы ерік негізінде жүзеге асады, бұдан шығатыны тұлға еркін болуға мәжбүр болды. Руссо қалғанның бәрі, яғни мысалы, біреудің қалағанынан істеу ол құлдық, шынайы еркіндік емес деп айтар еді. Руссоның қарсыластары, осындай тұрғыдан қарастырса, онда өздерінің еркіндіктерін қамтамасыз ететін өте репрессивті режимдерді де қорғауға болар еді. Осылайша, тіпті егер біз Руссо жүйесін теңсіздіктен құтқара алатын болсақ та, біз Руссоның өзі қалағанындай — еркіндік құндылығын алға жылжытамыз деп айту қиынға түседі.

Руссоны радикалды сынау

Бұл сынды қазіргі замандағы жазушылар қабыл алып, одан ары дамытты, олар Руссо еңбектерінің ықпалының астында болғанымен, оның идеалды мемлекетіне бірнеше түзутелер енгізіп, жетілдіру қажет деп ойлады. Бұл жерде бір бірімен тығыз байланысты үш сыни ескерту жасау қажет.

Оның біріншісі жалпыға ортақ ерік идеясына басты назар аударады. Тіпті тығыз байланысты және жоғарғы деңгейдегі тең құқылы қоғамда жалпыға ортақ ерікті қалыптастыруға және салыстырмалы түрде оңай қабылдау мүмкін болса да, қазіргі қоғамдардың ол идеалдарға сәйкес келеді; немесе олар сәйкес келуі тиіс деп айту дұрыс емес. Экономикалық класс – ортақ ерік қалыптастыруда жалғыз кедергі емес; адамдар сондай-ақ әртүрлі діндерді ұстанады, түрлі моральдық және философиялық идеяларға сүйенеді және түрлі мәдени, этникалық және нәсілдік топтардан шығады. Бұл барлығының мүдделеріне бірдей жауап беретін саясат болуы мүмкін емес дегенді білдірмейді: адамдардың айырмашылықтарына қарамастан, олардың барлығына бірдей негізгі қажеттіктер де бар. Алайда, бұдан басқа, біз түрлі заттарды бағалауымыз, мысалы, экономикалық прогресті немесе табиғи ортаны қорғау конфликтке алып келуі мүмкін. Көптеген



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Руссо және жалпы ерік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

мәселелер бойынша барлықтарының мүдделеріне бірдей жауап беретін бірде бір саясаттың болуы мүмкін емес. Немесе, олар бар болған жағдайда, ондайды табу оңайға соғады.

Екіншіден, Руссоның азшылықтың пікірін ұстанатындарға деген қатынасына тандану қиын. Басқаша ойлайтын адамдар «еркін болуға мәжбүр болуы тиіс». Алғашында азаматтық дін принциптерін мойындап, кейіннен оған бағынбайтындар өлім жазасына кесілуі тиіс. Мемлекеттің нық бірлігі аясында басқаша ойлау - қылмыс, ал қылмыс - ол опасыздық. Бұл тұжырымды, егер көпшілік әрқашан ортақ ерікке қатысты дұрыс, ал басқаша ойлайтындар қате немесе қоғамға қарсы ойласа, жартылай ақтау болар еді. Егер, жалпыға ортақ мүдде болмаса, онда бұл аргумент өзінің бір мәнінен де қорқынышты.

Ақырында, Руссоның қарсыластары адамның өзіне өзі шығарған заң болса еркіндікті бағынушылықпен теңестіруге болмайды деп есептейді. Немесе басқа сөзбен айтқанда, Руссоның жүйесіндегі адамдардың өздеріне қатысты заң шығаруы ол тек шешім қабылдау процедурасына қатысу мәселесі ғана. Алайда, сіз азшылық тобынан және сіздің көзқарасыңыз ешқашан заң қабылданған кезде есепке алынбайды делік. Сонда, заңға бағынуды ақтауға болса да, сізді осындай бағынушылық «еркін» болуға мәжбүрлеуі, сіздің өзіңіз үшін қабылдаған заңыңызға бағынуға мәжбүр болуыңыз ашу-ызаңызды келтіреді. Азшылық шешім қабылдау рәсіміне қатысатынына қарамастан, заң олар үшін емес, олардың мүдделерін ескерместен құрылды.

Осы сыни ескертулердің күшін енді көруге болады. Руссоға демократияны инструменталды тұрғыдан анықтау үшін, яғни моралды дұрыс нәтижелерге қол жеткізудің ең сенімді тәсілі ретінде көрсету үшін оған қоғамдық бірлік байланыстарының тығыз екендігін көрсету қажет болды. Оның тығыздылығының қатты болғандығы соншалықты, жүйе төзгісіз репрессивті сипатқа айналады. Сонымен, Руссоның демократияны инструменталды тұрғыдан ақтайтын (негіздейтін) үлгісінің шаралары (тәсілдері) оны сонымен қатар іштей жағымсыз етеді. Өзгертілген түрінде ол теңдікке қол жеткізуі мүмкін, дегенмен біздің түсінігіміздегі еркіндікке, плюрализмге не алуандылыққа қол жеткізе алмайды. Біздің ортақ ерікке төлейтін құнымыз өте жоғары. (Жалпы ерік үшін төлеуге тиіс баға тым жоғары).

Руссо жүйесі жетілдіруді қажет етеді. Шынында да, осы сын-ескертпелер аясында біз осы талқылауда осы уақытқа дейін ескерусіз қалған Руссоның идеалды мемлекеттік құрылымындағы тағы бір оғаштықты көрсете аламыз. Бұл жағдайда, Руссо саяси қатысуға шынайы мүмкіндік береді. Руссо азаматтары үнемі дауыс беруге шақырғанымен, ол оларды саясатқа тым белсенді қатысуға ынталандырмауы біршама оғаш көрінеді. Біріншіден, өзіміз көргендей, ол демократиялық жиналыстарды жақтамайды, екіншіден, ауызбіршілікке кедергі келтіретін тек түсініксіз (тұманды) түйсік (қабылдау) деген тұжырым Руссоны «ұзақ пікірталастар, келіспеушіліктер жеке мүдделердің басымдылығы мен мемлекеттің құлдырауы жөнінде белгі береді» деген қорытындыға әкеледі (Қоғамдық шарт). IV, ch. 2, 123).

Алайда, біз жалпыға ортақ ерікті тұрақты және оңай қабылдай аламыз деген жорамалды алып тастасақ, егер біз, шынында да жалпы ерік бар деген жорамалдан бас тартсақ, онда саясат жаңа бейнені қабылдайды. Олай болса, енді барлық дауыстарды, барлық дәлелдерді және барлық ұстанымдарды естудің қажеттілігі туындайды. Сайлаушылар әлі де өздерінің қауымдастықтары үшін «ең үздік» мәселелерді білдіруде өкілдіктері бар. Алайда, кез-келген жағдайда «ең жақсы» деген өте даулы мәселе болуы мүмкін. Сонымен қатар, осы мақсатқа жету үшін қандай саясат ең тиімді болатыны да даулы мәселе болуы мүмкін.

Руссоның қарсыластары кеңейтілген саяси пікірталастар құлдыраудың белгісі емес, керісінше демократиялық саясаттың қызмет етуіне маңызды деп тұжырымдады. Сонымен қатар, дауыс беруде тыс қалған азшылық топ дұрыс деген пікірді өзгертуге міндетті емес. Жалпы біз олардан заңға бағынады деп күте аламыз, алайда, олар одан ары қарай сөйлеуді жалғастыра алады және олар жеткілікті деңгейде мықты (күшті) болса, онда олар өзгерістерді үгіттей алады. Мүмкін азаматтық бағынбаушылықты да демократиялық тұрғыдан негіздеуге болады. Егер сіз көпшіліктің қате шешім қабылдағанына берік сенімді болсаңыз, сіз қандай да болсын қажетті әдіс-тәсілдер арқылы бұл мәселеге назар аударуға тек құқылы ғана емес, міндеттісіз. Әлеуметтікті бірлікті сақтау үшін ғана саналы бағынбаушылықты опасыздық деп қарастыру үлкен қате. Келіспеген азаматтарға да орын бар. Ер болсын әйел болсын тыныштық үшін үнсіз қалмауы тиіс; бәлкім, көпшілік қателескен шығар. Тіпті, көпшілік дұрыс айтса да, келіспейтіндерге де назар аударған жөн.

Тікелей демократия

Бұл қарсылықтар, шын мәнінде, көп жағдайда, Руссоның ойларының ықпалымен бізді демократияның жаңа үлгілеріне бірақ жеке тұлғаға, пікір-талас пен азшылықтың көзқарастарына үлкен құрметпен қарауға



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Руссо және жалпы ерік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

алып келді. Бұл үлгілер «тікелей (қатысу) демократия» немесе «кеңесші демократия» деген атауларға ие болды. Бұл теориялардың көптеген нұсқалары бар, алайда ең радикалды теориялары Руссо моделін үш жолмен кеңейтеді.

Біріншісі, Руссоға қарағанда, саяси пікірталастарға мен шешімдер қабылдауға жеке индивидтің қатысуына әлдеқайда көп мүмкіндіктер ұсыну керек және келіспейтін дауыстар әлдеқайда көп құрмет көрсету қажет деп мәлімдейді. Мысалы, кеңесу демократиясының теоретиктері демократия кең қоғамдық пікірталастар талап етеді және саяси процесті байыту және тереңдету үшін азаматтардың пікірлерін іріктеу қажет деп есептейді.

Екіншіден, олардың пікірінше, Руссоның Егемен және атқарушы билік арасындағы ерекшелік қайта қарастырылуы тиіс. Біз белгілі бір себептерге байланысты әрбір (барлық) саяси шешім қабылдауға қатыса алмауымыз мүмкін. Бірақ егер біз ортақ ерік бар деген жорамалдан бас тартсақ, онда жеке шешімдер қабылдауды заңмен шектеудің қажеттігі де (себебі) жоғалады. Мүмкін, барлық азаматтар басқарудың ең маңызды «жекеленген мәселелерін» шешуде толықтай ат салысуы қажет, әсіресе, Руссоның айтып кеткенін, соғысты жариялау Егеменнің емес, атқарушы биліктің міндеті деген тұжырымын еске алатын болсақ, осындай маңызды мәселелерде жалпы азаматтардың қатысуы маңызды.

Руссо саясатқа кеңірек қатысу жолында кедергі деп танылған практикалық қиындықтардың көбі заманауи технологиялардың көмегімен оңай еңсерілуі мүмкін. Барлық адамдарды емен астында немесе алаңда жинаудың қажеті жоқ. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қалалық жиналысқа көптеген балама жеңілдіктер ұсынды. Кез келген азамат саяси баяндамасын әр түрлі формада цифрлық түрде жариялай алады. Дауыс беру бір сілтемені бір рет басу арқылы орындалуы мүмкін. Сіз демократиялық міндетіңізді өзіңіздің ыңғайлы креслоңызда отырып ақ немесе автобуста келе жатып, ұялы құрылғы арқылы орындай аласыз.

Ақырында, демократия идеясының жақтастары саяси шешімдерді қабылдау процесі шын мәнінде «соңына дейін» жүруі тиіс деп мәлімдейді. Адамдармен тек заң мәселелері бойынша ғана емес, сонымен қатар, өздеріне қатысты барлық шешімдер жөнінде де кеңесуі қажет. Бұл жүйеде адамдарға тек қоғамдық форумда ғана емес, жұмыс орнында, отбасында және азаматтық қоғамның басқа да институттарында шешімдер қабылдаудың демократиялық принциптерін ұстану ұсынылады. Сіздің жұмыс орныңыздың сипаты, ертеңгі күні жұмысыңыз бола ма жоқ па деген маңызды мәселелер сіздің бастығыңызға тікелей байланысты болса, өндірісілік саясат мәселелері бойынша дауыс берудің пайдасы қандай? Маркс атап өткендей және әйел адамдар бағалағандай, тең саяси құқықтар үшін күрес жүргізу дұрыс, алайда, сізге күнделікті өмірде тең дәрежеде қатынас танытпаса, оны маңызы шамалы. Заңды кедергілерді немесе шектеулерді жою міндетті түрде біреудің жағдайын жақсартуға алып келмейді.

Қатысу саясатының теоретиктері алаңдаушылық тудыратын барлық мәселелерге тек белсенді, демократиялық қатысу ғана барлығына нақты еркіндік пен теңдікті қамтамасыз ете алады деп тұжырымдайды. Олардың пікірінше, біздің өміріміздің барлық салаларын жүйелейтін шешім қабылдау процестеріне қатысу бізге шынымен еркіндікті береді. Ал, енді осы мәселені 2 тарауда талқыланған саяси міндеттемені талқылау контекстіне қоятын болсақ, онда әлеуметтік келісімшарт теориясының волонтаристік болжамдары тек тікелей (қатысу) демократияларда ғана қанағаттандырылады. Осындай қоғамдарда ғана қоғам мүшелері ерікті түрде қоғамға үлесін қоса алады деп қарастыруға болады. Сондықтан, осы тұрғыдан қарастырғанда және тек осы жағдайда ғана мемлекетке бағыну міндеттемесіне қол жеткіземіз.

Қатысу (тікелей) саясатының идеясы, бір қарағанда, өте тартымды. Біз ұлттық және жергілікті деңгейлерде шешімдер қабылдаудың субъектілері болып табыламыз-біз ережелерге бағынуымыз керек-сондықтан біз осы шешімдердің авторлары ретінде өз рөлімізді сөзсіз атқаруға тиіспіз. Біз өзіміз бағынатын заңды қабылдаған кезде ғана, біз еркіндік пен билікті шын мәнінде татуластыра аламыз. Бірақ ұсынылған схемада кемшіліктерді табу қиын емес, және Руссоның өзінің жүйесіне неліктен осы шектеулерді ұсынғанын түсінуге болады.

Бірінші қиындық - ол толықтай қатысу (не тікелей) саясатқа қол жеткізу мүмкін еместігі, тіпті оған қол жеткізу мүмкін болған жағдайдың өзінде, ол бәлкім тым тиімсіз болуы мүмкін. Джон Стюарт Милль атап өткендей, адамдардың тобы ойға шомған бір адамнан әлдеқайда жақсы болса да, жекелеген адамдар әрекет етіп жатқан топтарға қарағанда әлдеқайда жақсы. Егер, бір топ өзінің шешімдерінің жүзеге асуын қаласа, онда ол оны әрқашан жеке адамға беруі тиіс.

Жауап ретінде ешкім де «бүкіл халықтың өзінің заңдарын, (ережелерін) орындауды сұраған жоқ» деп айтылуы мүмкін. Әрине, басшылар тағайындалуы тиіс. Алайда, бүкіл халық, немесе кем дегенде,



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Руссо және жалпы ерік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

өздерінің өмірлерін ықпал етеді деген адамдар шешім қабылдау процесіне қатысуы қажет. Бірақ тағы да қайталап өтсек, талқылау жекелеген адамдарға қарағанда топтарда жақсы өткізілсе де, одан топ неғұрлым көп болса, талқылау соғұрлым жақсы болады деген қорытынды шықпайды. Шынында да, шағын, жақсы іріктелген топта талқылау үлкен топтарға қарағанда әлдеқайда жақсырақ болады. Үлкен топтар, көп шу, артқа шегінушілік және шатасу сияқты мәселелерді туындатады. Ең мықты аргументтерді есту мүмкіндігі азаяды. Осылайша, әрине, демократия аясында сарапшы-кеңесшілерге орын болады, ал тікелей (қатысушы) саясатта осындай адамдарға тиісті орын табылу қиынға соғады. Бұл Платонның алаңдаушылығының (уайымының) ең қарапайым нұсқасы.

Екінші мәселе әлдеқайда нәзік, дегенмен, ол айқын. Компьютерлік саяси қиялда біз үйге күнтізбесіне қойылған сұрақтар тізімін табу үшін ораламыз. Бірақ, не себептен біз белгілі бір сұрақтар қатарына дауыс беріп, ал басқаларына дауыс бермеуіміз керек? Басқа сөзбен айтқанда, күн тәртібін кім анықтайды? Бұл қарапайым сұрақ емес. Көп жағдайда ең мықты адам ия не жоқ деген мәселені шешетін адам емес, сұрақты бірінші қоятын адам мықтырақ. Егер күн тәртібін тағайындалған лауазымды тұлғалар анықтайтын болса, қатысу (тікелей) саясаты әлдеқайда тартымды болар еді.

Ақырында, Руссо ең айқын мәселені атап өтті. Оскар Уайлд «Социализмнің басты мәселесі оның тым көп кештерінің болуы» деп айтқан болатын. Тікелей (қатысу) демократиясының сыншылары бұл сөздерді осы контекстке қатысты қолдану орынды деп атап өтті. Өйткені, біз тек өзімізге қатысты шешімдерді қабылдауға белсенді түрде қатысып қана қоймай, сонымен қатар көптеген басқа да нәрселерді ойлаймыз. Біз өзімізге әсер ететін әрбір шешімге қатысты дауыс беру құқығына ие болу үшін біз музыка тыңдау, достарымызбен және отбасылармен сөйлесу, тіпті теледидарды көру сияқты өзіміз бағалайтын басқа заттардан бас тартуымыз қажет па деген мәселе анық емес. Біз саяси қатысуды жұмыс орнына енгізсек, онда бұл қатысу тек біздің кештерімізді ғана емес, біздің күндерімізді де алып қояды. Біз барлық адамдарды саясатта белсенді, тең рөл атқаруға шақыра отырып, аштықтан өлмесек те, кем дегенде, біздің өнімді жұмыс күндеріміз азаюы мүмкін.

Жалпы, өкілдік демократия идеясы өте тартымды болса да, оны күш арқылы мәжбүрлеуге болатынын елестету өте қиын. Ең қатысуға негізделген қоғам еркіндік пен теңдікті сақтау тұрғысынан ең жақсы болып табылса да, ол өсіп-өркендеуді қамтамасыз ету және өмірлік жоспарларды іске асыру тұрғысынан тиімді болып шықпады. Біз одан жақсы істей аламыз ба?